ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 21 маусым Іс №7119-24-00-2/7014 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.К.Джакупов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Айлин» жеке кәсіпкері
«Руслан» жеке кәсіпкері
«Kairus» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады (Заңның 12-бабының 5-тармағы).

Іс материалдарынан талап қоюшы мен жауапкерлер арасында мемлекеттік сатып алу туралы бірқатар шарттар жасалғанын көруге болады:

Құжатқа қол қойылған Джакупов А. К., 16.07.2024

Заңды күшіне енген күні 13.08.2024, судья Джакупов А. К., 19.09.2024

- «Айлин» ЖК-мен «резеңке» тауарын жеткізуге 2024 жылғы 8 сәуірдегі №6/466 мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалды. Тауарды жеткізу мерзімі 2024 жылғы 30 сәуірге дейін белгіленген;

- «Руслан» ЖК-мен «Кронштейн» тауарын жеткізуге 2024 жылғы 4 сәуірдегі №6/387 мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалды. Тауарды жеткізу мерзімі 2024 жылғы 1 мамырға дейін белгіленген;

- «Kairus» ЖК-мен «Керамогранит» тауарын жеткізуге 2024 жылғы 5 сәуірдегі №6/405 мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалды. Тауарды жеткізу мерзімі 2024 жылғы 1 мамырға дейін белгіленген.

Сот жауапкерлердің жоғарыда аталған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындамағанын анықтады.

Сондай-ақ сот аталған шарттарды талап коюшы өзіне қабылдаған міндеттемелерді тиісінше орындамау негіздері бойынша бұзғанын анықтады.

Іс бойынша анықталған мән-жайлар сотқа шарттардың талаптарын орындамау бойынша өнім берушілердің іс-әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалауға негіз береді, бұл олардың жосықсыз екендігін тікелей көрсетеді, сот талқылауы барысында өнім берушілердің кінәсін болдырмайтын негіздер белгіленбеген, өнім берушілер тарапынан ұсынылмаған.

Жауапкердің шарт талаптарын бұзуы нәтижесінде тапсырыс беруші үшін салдардың негативтілігі айқын, өйткені талап коюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалды, оның салдары болып осы қызмет бойынша жаңа сатып алуды ұйымдастыру үшін материалдық және адам ресурстарын бұру қажеттілігі, сондай-ақ осы талап коюды сотқа беру және оны шешу табылады.

Осыған байланысты, сот іс бойынша өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тануға мүмкіндік беретін аспектілердің қажетті жиынтығы анықталды деген қорытындыға келеді.

Сот талап коюды қанағаттандыра отырып, өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындамау негіздері бойынша шарттарды бұзуға жауапкерлер дау айтпағанын да ескереді. Демек, жауапкерлер Шартты бұзудың көрсетілген негіздерімен келіскен.

АПК-нің 117-бабының талаптарына сәйкес жауапкерлерден мемлекет пайдасына мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстар өндіріп алуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Джакупов А. К., 16.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.08.2024, судья Джакупов А. К., 19.09.2024

7119-24-3-1/6498

Талап қою қанағаттандырылсын.

«Айлин» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Айлин» жеке кәсіпкерінен республикалық бюджет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндірілсін.

«Руслан» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Руслан» жеке кәсіпкерінен республикалық бюджет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндірілсін.

«Kairus» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Kairus» жеке кәсіпкерінен республикалық бюджет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.К.Джакупов

Құжатқа қол қойылған: Джакупов А. К., 16.07.2024

Заңды күшіне енген күні 13.08.2024, судья Джакупов А. К., 19.09.2024